



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №17 (10 323) ● 8 мамыр ● жұма ● 2026 жыл ● aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ GITEX AI CENTRAL ASIA & CAUCASUS КӨРМЕСІНЕ БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев GITEX AI Central Asia & Caucasus 2026 халықаралық технологиялық көрмесін аралап көрді. Бұл әлемде цифрлық технологиялар мен инновациялар саласы бойынша ең ірі платформалар қатарындағы GITEX жаһандық экожүйесінің бір бөлігі саналады.

Мемлекет басшысына AI-Farabium суперкомпьютерінің мүмкіндіктері мен оның базасында іске асырылған ондаған жобалар, соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ байланыс орталығының тұтынушылар шағымын оператордың қатысуынсыз өңдейтін ЖИ-ассистенті таныстырылды. Бұл цифрлық шешім қоңырауды заңды тұлға немесе алаяқ шалғанын анықтап, оны антифрод колл орталыққа жібереді, осылайша, құқық қорғау органдарына ақпарат беруге көмектеседі.

Сондай-ақ, Президентке банк жүйесіндегі жобалар жөнінде мәлімет берілді. Олар реттелетін, ашық және ауқымды цифрлық активтер экожүйесін құруға, инфрақұрылымды (крипто хаб) дамытуға және халық пен бизнеске қызметтердің толық спектрін ұсынуға бағытталған. Цифрлық активтер нарығын дамыту аясында Қазақстан қор биржасында (KASE) токен түрінде қаржы құралдарын шығару қарастырылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа KEDEN, SmartCargo ақпараттық жүйелері мен



көлік-логистика саласындағы цифрлық жобалар көрсетілді. Атап айтқанда, KEDEN бірыңғай цифрлық платформасы кедендік бақылау үдерісін оңтайландыруға және жетілдіруге, сауда барысы мен шекарадан өтуді жеңілдетуге арналған.

Ал, SmartCargo – кеден, көлік, Ішкі істер министрлігі, Ауылшаруашылығы министрлігі, фармацевтикалық және сауданы реттеу сервистерін біріктіретін логистикалық қызметтердің бірегей цифрлық терезесі. National Road Geoportel (KazMaps) мониторинг пен инфрақұрылымға арналған Қазақстан автожолдарының цифрлық картасын ұсынады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Алматы қаласының IT экожүйесімен және білім беру, маман даярлау, балалар қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен жол-көлік қозғалысын бақылау секілді цифрлық шешімдермен танысты. Сонымен қатар Президент Орталық Азиядағы балаларға арналған алғашқы ғылыми музейді аралады.

GITEX AI Central Asia & Caucasus 2026 көрмесіне 600-ден аса халықаралық компания, соның ішінде Cisco, Cloudflare, Google Cloud, Huawei, Dell, H3C Technologies, Lenovo, Trend Micro, Hikvision, HP, Noventiq, Redington, Salesforce, Vertiv және басқа да әлемдік технология көшбасшылары қатысуда.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде инвесторлар құқықтарын қорғау, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы тосқауылдарды жою және шетелдік капиталды тарту жұмысын күшейту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңеске мемлекеттік органдардың, ҚР Бас прокуратурасы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ басшылары, квазимемлекеттік сектор мен бизнес өкілдері қатысты.

«Еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше назарында. Осы бағытта Үкімет алдында нақты мақсат-міндеттер тұр. Өткен аптада ғана инвесторлар мен кәсіпкерлерді және жоғары білікті мамандарды тарту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында көші-қон саясатын жетілдіру туралы Президенттің Жарлығына қол қойылды. Бұл құжат елімізде қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыру ісінде маңызды қадам болып отыр және сапалы шетелдік адами капитал тарту үшін жаңа институционалдық жағдайларды қамтамасыз етеді», — деп атап өтті ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов.

«Президент тапсырмасымен Бас прокуратура инвесторлардың құқықтарын қорғау бағытында кешенді жұмыстар жүргізуде. Мәселелердің түпкі себептерін анықтау және жою бойынша әрекет ету шараларынан жүйелі алдын алу жұмыстарына көшуге баса назар аударылуда. Бизнесі қылмыстық процеске заңсыз тарту фактілері мерзімінен бұрын жолы кесілуде. 3 жыл ішінде бизнеске қатысты қылмыстық істер саны 4 есеге немесе 71,5%-ға азайды. Біз 3 мыңнан астам инвестициялық жобаны сүйемелдейміз. Инвесторлармен және іскер қоғамдастықпен тікелей байланысты тұрақты бақылауды қамтамасыз етеміз», — деп атап өтті ҚР Бас прокуроры Берік Асыллов.

Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, көп деңгейлі қолдау тетігі шеңберінде инвесторлар құқықтарын қорғау жөнінде кешенді шаралар қабылдауда.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ИНВЕТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Жуырда ғана құрылған Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, бизнесті толғандыратын мәселелерді жедел шешуге белсенді әрі нақты қатысуда. Үкімет жанындағы Инвестициялық штаб проактивті режимде жұмыс істеуде: биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша жалпы құны \$25,5 млрд-ты құрайтын 44 жоба қаралды. Инвестициялық штаб тапсырмаларының орындалуын бақылауды Бас прокуратура жүзеге асырады.

Сонымен қатар барлық өңірде әкімдердің басшылығымен және прокурорлардың қатысуымен штабтар жұмыс істейді. Әкімдіктер тарапынан тоқсан сайынғы стратегиялық сессиялар өткізу тәжірибесі енгізілді, онда түйткілді мәселелер талқыланды, бизнеспен бірлесіп «инвестицияларға тапсырмалар» бекітіледі. Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Ұлытау облыстары және Алматы қаласында материалдарды дайындау деңгейі жоғары әрі 100% мақұлдау тіркеліп отыр. Сыртқы істер министрлігі мен

Бас прокуратураның өзара іс-қимылы аясында Инвестициялық жобаларды қолдау бойынша жол картасы әзірленді. Келісімшарттар жасау және сүйемелдеу рәсімдерін жетілдіру, жер телімдерін беруді оңтайландыру, сондай-ақ инвестициялық кураторлықты дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар Премьер-министр мемлекеттік органдар мен ұйымдар тарапынан жүйелі көзқарас пен жедел ден қоюды талап ететін мәселелер сақталып отырғанын атап өтті. Инвесторлар мен бизнес өкілдерінен келіп түскен өтініштерді қарау барысында жол беруге болмайтын жергілікті деңгейде көзбояушылық және әкімшілік созбалаңға салу фактілері бар.

Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ержан Ашықбаев ағымдағы жағдай туралы баяндады. Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша, биылғы бірінші тоқсанда Тізілімге инвесторлардан 273 өтініш түсіп, олардың жартысына жуығы оң шешімін тапқан. Олардың басым бөлігі салықтық әкімшілендіру, кедендік рәсімдер,

панияны отандық өндірушілер тізіліміне енгізу, Атырау облысында ірі энергетикалық жобаны жүзеге асыратын инвестордың инженерлік желілерге қолжетімділігін қамта-масыз ету бар.

«Инвесторлардан келіп түсетін әрбір өтініштің артында, шын мәнінде капиталды орналастыру, жаңа өндірістер ашу және қолданыстағы өндірістерді кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру туралы шешімдер тұрғанын үнемі назарға алу керек. Сондықтан инвесторлардың мәселелерін жедел реттеу – бұл мемлекеттік аппараттың инвестициялар тарту бағытындағы жұмысының тиімділігін көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың өтініштерге жауап беруден жалтаратын немесе жауапкершілікті біріне бірі ысыратын лауазымды тұлғаларына қатысты ең қатаң шаралар қабылданатын болады. Бұл ұлттық компаниялар мен жалпы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына да қатысты. Мұнда екіұшты жауап болмауы керек – инвестордың әрбір өтініші нақты шешімді талап етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды тежейтін себептерді жүйелі сипаты бар екенін атап өтті. Негізгі проблемалар мемлекеттік органдар арасында үйлестірудің жеткіліксіз болуымен, жауапкершілікті бөлудің бұлыңғырлығымен, мемлекеттік қызметтердің регламенттелген мерзімдерінің бұзылуымен және жергілікті жерлерде бақылаудың өлсіздігімен байланысты.

Әкімдіктердің жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Өңір басшыларына негізгі инвестициялық жобаларды «қолмен басқару» режимінде сүйемелдеу, туындайтын кедергілерді уақтылы жою және инвесторларға жер учаскелерін, инфрақұрылымды және рұқсат құжаттарын беру кезінде көзбояушылыққа жол бермеу тапсырылды.

Сонымен бірге Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаны толтырудың баяу қарқыны да атап өтілді. Бүгінгі таңда ҰЦИП-қа жалпы сомасы шамамен 100 трлн теңгеге 3 мыңнан астам

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ИНВЕТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

органдардың іс-әрекеттерінің сәйкессіздігін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау қорытындысы бойынша рәсімдерді оңайлату, мерзімдерді қысқарту, процестерді цифрландыру және құқық қолданудың ашықтығын арттыру жөнінде ұсыныстар жасақталатын болады.

Премьер-министрдің кеңесшісі Әлішер Қожасбаев инвесторлармен өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде ұсыныстар айтты.

Отандық инвесторларға арналған «бірыңғай терезе» функциясын күшейту, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП-ның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және өңірлермен анағұрлым тығыз байланыста жұмыс істеу қажеттігі атап өтілді.

«Kazakh Invest» ҰК АҚ басқарма төрағасы Сұлтанғали Кенжеқұлов инвестициялық циклдің жаңа архитектурасы шеңберінде сыртқы контурды күшейту тәсілдері туралы баяндады. Компания АҚШ, Германия, Қытай, Ресей, Түркия, Малайзия және Катар сияқты жеті

негізгі елде толыққанды қатысуын қалыптастырды. Шетелдегі өкілдіктер «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін инвесторларды қолдау орталықтарына айналдырылады. Бұл ретте инвесторға жобаны пысықтау кезеңінде Қазақстанға келудің қажеті болмайды — мәселелер шетелдегі кеңселер арқылы сол жерде шешіледі.

Жиын қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

• Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша: өкімшілік кедергілерді анықтау және жою мақсатында заңнамаға ревизия жүргізу. Өтініштерді талдау қорытындысы бойынша анықталған заңдылықтар мен институционалдық шектеулер негізінде нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау.

• Инвесторлардың өтініштері бойынша: оларды «бір цифрлық терезе» қағидаты

ниторингтеу және жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып жедел әрекет ету бойынша жүйелі жұмысты жолға қою. Барлық инвестициялық жобаларды Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға (ҰЦИП) енгізуді аяқтау, сондай-ақ, инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы хабар алмасу функциясы бар платформаның мобильді қосымшасын іске қосуды жеделдету. Елімізде жүзеге асырылған және жүзеге асырылып жатқан барлық инвестициялық жобалар бірыңғай цифрлық контурда шоғырландырылуы тиіс.

• Сыртқы бағыттағы жұмысты күшейту бойынша: «Kazakh Invest»-ке СИМ-мен бірлесіп шетелдегі өкілдіктерді толыққанды іске қосу үшін ұйымдастырушылық және кадрлық мәселелерді жедел шешу, сондай-ақ, «Kazakh Invest»-тің барлық шетелдік кеңселерінің жұмысын стандарттауды қамтамасыз ету тапсырылды.

• Инвестициялық келісімшарттар

мен жер мәселелері бойынша: инвесторларға рұқсат беру құжаттарын инвестициялық келісімшарттарды келісу және қол қою мерзімдерін түбегейлі қысқарта отырып, пакеттік қағидат бойынша ұсыну тапсырылды. Сонымен қатар жер ресурстарын басқаруға қатысты шашыраңқы ақпараттық жүйелерді бірыңғай цифрлық контурға біріктіру қажет.

• Барлық ХҚКО-ларда инвесторларға қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған терезелер ашылып, мемлекеттік қызметтер басым және жедел тәртіпте көрсетілуі тиіс. Облыстық және аудандық ХҚКО директорлары өңірлік инвестициялық штабтардың құрамына енгізу.

• «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және отандық инвесторлармен өзара іс-қимылдың бірыңғай регламентін бекіту қажет.

• Инвесторларға салықтық жеңілдіктер беруге қатысты тәсілдерді атаулылық, экономикалық тиімділік және бұрын көрсетілген салықтық емес мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып әзірлеу міндеті қойылды.

"ЖЕТІСУ" ВОЛЕЙБОЛ КЛУБЫНА - 25 ЖЫЛ: МАРАПАТТАУ, ЖАС СПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ, МАСТЕР-КЛАСС



Бүгін Жетісу облысында «Жетісу» волейбол клубының 25 жылдығына орай және ерлер мен әйелдер командаларының 2025—2026 жылғы маусымда жоғары нәтижелер көрсетуіне байланысты волейболшыларға құрмет көрсетілді. Іс-шараға келген жас спортшыларға клуб ойыншыларының қолтаңбасы қойылған 1 мыңдай доп таратылып, мастер класс ұйымдастырылды. Клуб мүшелерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, марапаттар тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында өткен салтанатты шараға волейболдан ерлер мен әйелдер командалары және қосалқы құрамдары, спорт ардагерлері, түрлі халықаралық турнирлердің жеңімпаздары, жас спортшылар — жалпы саны 1500 адам қатысты.

Спортшыларды мерейлі жылмен және жеңістерімен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады. Ол «Жетісу» әйелдер командасының осы маусымда оныншы мәрте чемпион болғанын, ал ерлер командасының ел чемпионатын, Кубогы мен Суперкубогын ұтып алғанын тілге тиек етіп, барлық клуб мүшелеріне алғысын жеткізді. Сол сияқты болашақ спортшыларды тәрбиелеу ісіне де назар аударды.

- Биылғы кездесудің мән-мағынасы тіпті терең. Себебі осы жылы кәсіби «Жетісу» волейбол клубының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Бұл кезең жарқын жеңістерге толы болды және өз ісін адал атқаратын мықты тұлғаларды қалыптастырды. Осы уақыт ішінде «Жетісу» клубы өңіріміздің спорттық мақтанышына, чемпиондар мектебіне және жүйелі дамудың айқын үлгісіне айналды. Біз тек командалар дайындап қана қоймаймыз, біз жыл сайын бәсекеге қабілетті спортшыларды тәрбиелейтін жүйе қалыптастырып отырмыз. Біз алдағы уақытта да спортшыларды дайындауға қолайлы жағдай жасап, инфрақұрылымды жаңғыртып, кәсіби клубтар мен балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауды жалғастырамыз. Біздің мақсатымыз — болашақ чемпиондардың туған жерінде өсіп-өнуі, - деген Б. Исабаев мұнан соң марапаттау рәсімін атқарды. Атап айтқанда, «Жетісу» волейбол клубының бас жаттықтырушысы Марат Адышевке «Құрмет» ордені, «Жетісу» ерлер командасының ойыншысы Айбек Жақсылықовқа, әйелдер командасының ойыншысы Валерия Якутинаға Президенттің Алғысы және төселбелісі, сол сияқты клубтың бірқатар мүшелеріне Президенттің Алғысы, облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған клубтың бас жаттықтырушысы Марат Адышев:

- Бізге берілген марапат үшін шын жүректен алғыс айтамын. Бұл біз үшін үлкен мәртебе және болашақта жаңа жеңістерге жетуге қуат береді. Маған сенім артқан басшылыққа, қолдау көрсеткен ұжымға рақмет. Бұл — біздің ортақ жеңісіміз, - деді ол.

Осы басқосуда жас спортшылар клуб жаттықтырушылары мен ойыншыларына өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара ой алмасты.

Кездесуге келген клуб мүшелерін сөзге тарттық.

- Жасөспірім кезімнен осы «Жастар» Спорт сарайында әртүрлі жас санатында волейболдан жаттығып өстім. 2016 жылдан «Жетісу» волейбол құрамасының сапында ойышы болдым. Кейін мансабымды жаттықтырушы ретінде жалғастырдым. Қазір ұлттық құрамада ассистент-статистікпім. Бүгінгі күні Жетісу волейболы жақсы қарқынмен дамып келеді. Осы маусымда ел чемпионатын, Кубогын, Суперкубогын ұттық. Бұл ерлер командасының тарихында болмаған. Бұл жеңіске біз жиналған тәжірибенің, жасалған қолайлы жағдайдың және тынымсыз жаттығудың арқасында жеттік, - деді «Жетісу» ерлер командасының аналитик-статистігі Марлен Айтжанов.

«Жастар» Спорт сарайында келген оқушылардың бірі Балнұр Ерланқызы бүгінгі шараның мән-маңызы туралы өз пікірін білдірді:

- Талдықорған қаласындағы №18 мектептің 8 «ә» сыныбында оқимын. Волейбол клубындағы үйірге қатысып жүргеніме 5 жыл болды. Бүгінге дейін бірнеше рет 2012-2013 жылғы жасөспірімдер арасындағы жарыстардан жүлделі орындар алдық. «Жетісу» кәсіби волейбол командаларының чемпионаттағы ойындарын сайттардан, телеарнадан тамашалап отырдық. Олар жеңіске жеткенде біз де қуандық. Бүгінгі кездесуге асыға келдім, қолтаңба қойылған доп алдым. Мұндай жүздесулер бізге үлкен мотивация береді. Болашақта осы аға-әпкелеріміз секілді мықты спортшы болғым келеді, - дейді жас волейболшы Б.Ерланқызы.

Кездесу соңы Д.Рақышев атындағы облыстық филармония өншілерінің мерекелік концертімен түйінделді.

Еске салсақ, 2025—2026 жылғы маусымда «Жетісу» волейболдан әйелдер командасы ел чемпионатының оныншы мәрте чемпионы атанды. Сол сияқты жуырда Тайландта өткен Азия клубтық чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Ал волейболдан ерлер командасы ел чемпионы атанды, оған қоса Кубокты және Суперкубокты жеңіп алды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Жетісу облысында "Сиверс алма ағашының гүлдеуі" фестивалі жоғары деңгейде өтті

2026 жылғы 2 мамырда Жетісу облысы Сарқан ауданының Тополевка ауылы маңындағы «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында ерекше табиғи құбылға арналған «Сиверс алма ағашының гүлдеуі» фестивалі жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті.

Ауқымды іс-шара өңірдің туристік әлеуетін арттыруға, экологиялық туризмді дамытуға, табиғи мұраны насихаттауға және әлемдік маңызға ие Сиверс жабайы алмасының табиғи қорын сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Фестивальге 7 мыңнан астам адам қатысып, іс-шара аясында 50-ден астам блогер мен инфлюенсер Жетісу өңірінің туристік әлеуетін кең аудиторияға танытуға үлес қосты.

Айта кету керек, Жетісу облысы – жер бетіндегі барлық мәдени алма сорттарының арғы тегі саналатын Сиверс жабайы алмасының негізгі табиғи таралу аймақтарының бірі. Ғалымдардың бағалауынша, аталған бірегей алманың әлемдік табиғи қорының шамамен 48 пайызы осы өңірде шоғырланған.

Фестиваль аясында қонақтарға гүлдеген Сиверс алма алқаптарын тамашалау мүмкіндігі ұсынылып, plein air форматындағы суретшілер байқауы, мәдени-көпшілік іс-шаралар, ұлттық спорт ойындары, қолөнершілер көрмесі, шеберлік сағаттары және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Бағдарламаның маңызды бөлігінің бірі халықаралық шығармашылық жоба болды. Оның аясында Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және Қазақстаннан келген суретшілер өз туындыларын ұсынып, мұра қорытындысы бойынша мәдени байланыстарды дамытуға және өңірдің табиғи мұрасын өнер арқылы насихаттауға қосқан үлесі үшін марапатталды.

Фестивальдің басты музыкалық қонақтары – қазақстандық орындаушылар Bayansulu мен Қуандық Рахым өнер көрсетіп, мерекелік кештің шырайын аша түсті.

Қазақстанның республикалық іс-шаралар күнтізбесіне енген фестиваль өңірдің туристік имиджін нығайтуға, ішкі және келу туризмін дамытуға, сондай-ақ, Жетісудың бірегей табиғи әлеуетін халықаралық деңгейде ілгерілетуге ықпал ететін маңызды мәдени-туристік алаң ретіндегі орнын тағы бір мәрте айқындады.

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЖЕТІСУДА "ЖАС САРБАЗ БАРЫСЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ



Отан қорғаушылар күні қарсаңында Жетісу облысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған «Жас сарбаз барысы» атты республикалық турнир ұйымдастырылды.

Жарыстың ашылу салтанатына Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымов және республикалық балалар мен жасөспірімдердің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Мейірбек Мендіғалиев қатысты.

- «Жас сарбаз барысы» турнирі осымен төртінші рет өткізіліп отыр. Оған еліміздің барлық өңірлерінен 40-тан астам қатысушы қатысуда. Айта кету керек, бұл тек ұлттық жекпе-жек түрінен өтетін турнир ғана емес, бағдарлама аясында Жетісу өңіріне экскурсия, музейге бару және қаланың көрікті жерлерімен танысу да қамтылған. «Келесі жылы бұл турнирді халықаралық деңгейге шығаруды жоспарлап отырмыз және осы бағытта жұмыстар жүргізілуде, - деп атап өтті Мейірбек Мендіғалиев.

Жарыс қорытындысы бойынша «Жас сарбаз барысы» атағын Павлодар облысынан келген Әли Төлеген жеңіп алды. Екінші орынды Жетісу өңірінің өкілі Мүслім Саятұлы иеленсе, үшінші орын алматылық Сұлтан Тұрдалиға бұйырды. Жұлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сол сияқты арнайы номина-

ция үздіктеріне де сыйлықтар берілді. Атап айтқанда, «Үздік техника» номинациясында Қарағанды облысының балуаны Әлияр Түсіпов, «Жеңіске деген жігер» номинациясында Ақтөбе облысынан Бақдәулет Оразалы, «Жылдамдық шебері» аталымында Абай облысының өкілі Айсұлтан Әділмұрат, «Көрермен көзайымы» номинациясында Ақмола облысынан Әбілмансұр Қасым үздік деп танылды. «Ерік-жігерлі жас сарбаз» номинациясында Түркістан облысынан Дидар Құлмахан марапатталды. «Үздік әдіс» аталымында Алматы облысының өкілі Әсет Айдынулы жеңіске жетті. Ал «Темірдей төзімділік» номинациясы Астана қаласынан Нұрахмет Ермұратовқа табысталды. Турнирге қатысқан әрбір қатысушыға «Жас сарбаз» қозғалысы атынан арнайы сыйлықтар мен сертификаттар тапсырылды.

«Жас сарбаз барысы» турнирінің жеңімпазы Әли Төлеген пікірін білдірді:

- Осы жарыстағы қарсыласым мықты болды, яғни, шешуші кезеңде мен Жетісу облысының спортшысымен күш сынастым. Турнирдің жеңімпазы болғанымна қуаныштымын. «Жас сарбаз» қозғалысының ұжымына жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғысымды білдіремін, - деді ол.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Ұлы Жеңіс күні – ерліктің, елдіктің нышаны!

/Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы/

/Аудандық Мәслихат төрағасы Бейбіт Сүлейменовтың мерекелік құттықтауы/



патриоттың сезімін, елжандылық қасиеттерін паш ететін, күні кеше ел қорғаған азаматтардың ерлігін еске алатын ерекше мереке. Тарих толқынындағы біздің даңқты ардагерлеріміздің ерлігі кейінгі буын жауынгерлерге үлгі болып келеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске биыл 81 жыл. Осынша жыл өткеніне қарамастан соғыс салған жара күні бүгінге дейін есте сақтаулы. Бұл соғысқа Ақсу өңірінен 6 мыңнан астам адам аттанып, солардың жартысына жуығы майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Ақсулық жауынгерлердің екеуі – Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сиқымов Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Сан жүздеген жерлестеріміз әртүрлі ордендер мен медальдардың иегері атанды.

Құрметті ардагерлер!

Сіздердің ерліктеріңіз тарихта алтын әріппен жазылып қалды. Баға жетпес еңбектеріңіз кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып саналады. Сондықтан мемлекетіміз майдан ардагерлерінің әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын жақсартуға, әл ауқатын көтеруге қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл бүгінгі таңдағы ұрпақтың абыройлы парызы. Біздер майдангерлердің соғыстағы ерен ерлігіне тағзым етеміз.

Ұлы Жеңісті жақындатуға майданда да, тылда да күрескен жанның барлығы айырықша құрметке ие!

Барлықтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға береке мен бірлік тілеймін. Еліміздің аспаны ашық, ерқашанда бейбітшілік болсын. Ендігі ұрпақ соғыс өртін көрмесін деп тілеймін.

Ардақты аудан тұрғындары! Қадірлі Отан қорғаушылар! Тыл ардагерлері және осы атаққа теңестірілген аудан азаматтары! Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!
7 мамыр Отан қорғаушылар күні. Бұл әр уақытта Отан күзетіндегі сарбаздардың



Баршаңызды аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке - ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі.

Құрметті ардагерлеріміз болашақ ұрпақ үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз.

Екінші дүниежүзілік соғыста миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте қан майданда жан алысып, жан беріскеніне тарих куә. Оның ішінде біздің ақсулықтар да бар.

Сондықтан да Жеңіс күні қазақ елі үшін, біз үшін айтулы мерекелердің бірі. Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 81 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ауылда қалған кемпір-шал, бала-шаға зуылдаған оқ пен лапылдаған от - жалынның арасында жүрген бауырына, әкесіне, ағасына сеп болсын деп, бар күш - қайратын жұмсады.

Тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте!

Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді.

Бұл – жанқиярлық ерліктің, еңселі елдіктің рухы биіктеп, Жеңістің жалауы желбіреген күн. Ел тұғырының берік, еңсеміздің биік

болуы бейбіт күннің арқасы. Осынау ұлы мереке қарсаңында сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Елімізде бейбітшілік, тыныш өмір, береке – бірлік сақталсын! Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, молшылық және жақсылықтар тілеймін!

ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ САҒАТ



1 мамыр – Қазақстан халқы үшін ерекше маңызы бар күн. Бұл мереке еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен татулығын дәріптейді. Қазақстан – көпұлтты мемлекет, онда жүзден астам этнос өкілдері бейбіт өмір сүріп жатыр. Осындай әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруі – еліміздің басты байлығы.

Бұл күннің тарихы тереңде жатыр. Кеңес дәуірінде 1 мамыр еңбекшілердің халықаралық күні ретінде атап өтілсе, тәуелсіз Қазақстанда ол жаңа мазмұнға ие болды. Бүгінде бұл мереке халықтар достығының, өзара құрмет пен түсіністіктің символына айналды.

Бұл күні еліміздің түкпір - түкпірінде түрлі мерекелік іс - шаралар, концерттер, көрмелер ұйымдастырылады. Адамдар бір-біріне ізгі тілектер айтып, татулық пен бейбітшіліктің қадірін тағы бір еске алады. Бұл бастама аясында Ақсу аудандық кітапханалары әртүрлі форматтағы мазмұнды шаралар өткізді. Атап айтсақ, Қызылағаш ауылдық кітапханасында «Қазақстан – ортақ шаңырақ» тақырыбында танымдық сағаты өтіп, оған ауыл тұрғындары мен оқырмандар белсену қатысты. Іс-шара барысында еліміздегі түрлі ұлт пен ұлыстың бірлігі, татулығы мен достығы туралы кеңінен әңгіме қозғалды. Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, бірлік пен ынтымақтың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, шараға өзге ұлт өкілдері Богуш Александра, Қожамбергенова Дильбар, Хасуева Ирсана шақырылды. Сөз сөйлеу барысында олар өз салт дәстүрлері мен ұстанымдарын таныстырды. Богуш Алек-

сандра орыс халқының салт дәстүрін таныстыра отырып қазақ еліне деген сүйіспеншілігін, шексіз ризашылығын айтса, Хасуева Ирсана Отанына деген махаббатын сурет арқылы жеткізді.

Сонымен қатар Егінсу, Көшкентал, Қапал, Матай, Қаракөз және басқа да ауылдық кітапханаларында танымдық сағаттар мен кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттайтын әдебиеттер топтастырылып, оқырман назарына ұсынылды. Көрмелер мазмұны мен безендірілуі арқылы келушілерге терең әсер қалдырып, ел бірлігінің мәнін айшықтай түсті. Оқырмандар көрме арқылы еліміздің бай тарихымен танысып, түрлі этностардың ерекшеліктері жайлы мәлімет алды.

Мерекелік шара барысында ән айтылып, өлеңдер оқылып, көркем сөз шеберлері өз өнерлерін көрсетті.

Бұл күн – бейбітшілік пен келісімнің, достық пен бірліктің символы екені тағы бір мәрте дәлелденді. Осындай игі іс-шаралар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, елге деген сүйіспеншілікті арттыра түседі. Қазақстан – барша халықтың ортақ үйі, ортақ шаңырағы екенін әрбір азамат жүрегімен сезінуі тиіс.

Қорыта айтқанда, 1 мамыр – бұл тек мереке ғана емес, ол бірлік пен келісімнің, достық пен сыйластықтың айқын көрінісі. Осындай құндылықтарды сақтау – әрбір қазақстандықтың міндеті.

Сацита ХАСАНОВА,
Қызылағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні – еліміздегі ең маңызды әрі мазмұнды мерекелердің бірі. Бұл күн Қазақстанда тұратын түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің достығы мен ынтымағын, өзара сыйластығы мен татулығын дәріптейтін ерекше мереке ретінде кеңінен атап өтіледі. Осы атаулы күнге орай Қопа ауылдық кітапханасында «Қазақстан – ортақ шаңырақ» атты танымдық сағат ұйымдастырылып, ауыл тұрғындары мен оқырмандарға рухани әсер сыйлаған мазмұнды іс - шара өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Қазақстанда өмір сүріп жатқан этностар арасындағы татулық пен бірліктің маңызын түсіндіру, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды насихаттау болды. Кітапхана қызметкерлері мерекенің мән-мағынасына терең тоқталып, еліміздің бейбітшілік пен келісім орнаған бірегей мемлекет екендігін атап өтті.

Танымдық сағат барысында қатысушылар Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретіндегі ерекшеліктері туралы тың мәліметтер алды. Елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – әлем елдері үшін үлгі боларлық жағдай. Осы ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымының рөлі ерекше екендігі айтылып, оның елдегі тұрақтылық пен келісімді сақтаудағы маңызы түсіндірілді. Іс-шара барысында кітап көрмесі

ұйымдастырылып, Қазақстан халқының мәдениеті, салт-дәстүрі мен тарихына арналған әдебиеттер көпшілік назарына ұсынылды. Оқырмандар түрлі этностардың әдет-ғұрпы, өнері мен тағамдары жайлы қызықты деректермен танысты. Сонымен қатар, қатысушылар арасында тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап, пікір алмасу ұйымдастырылып, әркім өз ойын ортаға салды.

Шараның әсерлі тұстарының бірі – түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен бірлігі жайлы өлеңдер мен нақыл сөздердің оқылуы болды. Қатысушылар «бірлік бар жерде – тірлік бар» екенін тағы бір мәрте ұғынып, бейбіт өмірдің қадірін сезінді.

Қопа ауылдық кітапханасында өткен «Қазақстан – ортақ шаңырақ» атты танымдық сағат – ел бірлігін насихаттаудағы маңызды қадамдардың бірі болды. Мұндай іс-шаралар жастардың санасына татулық пен келісім құндылықтарын сіңіріп, олардың отансүйгіш азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан – түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер тоғысқан, бірлігі бекем мемлекет. Ортақ шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтың басты байлығы – ынтымақ пен бейбітшілік. Осы құндылықтарды сақтау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Мархабат ӘСЕТҚЫЗЫ,
Қопа ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Елдегі бейбітшілік пен татулықтың жарқын көрнісі

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні – елдегі бейбітшілік пен татулықтың, көпұлтты қоғамның өзара сыйластығы мен ынтымағының жарқын көрінісі. Биыл да бұл мереке аудан орталығында ерекше салтанатпен, жоғары деңгейде аталып өтті. Ұлт пен ұлыстың басын қосқан айтулы күн тұрғындардың жүрегіне қуаныш сыйлап, бірлік пен достықтың маңызын тағы бір мәрте айқындады.



Мерекелік шараның шымылдығы аудан өнерпаздары мен мектеп оқушыларынан құралған бишілер тобының әсерлі композициясымен түрілді. Әр ұлттың ұлттық киімін киген жас өнерпаздардың сахнадағы үйлесімді қимылдары, түрлі мәдениеттің көркем бейнесін паш еткен көріністер көрермендерді тәнті етті. Бұл – Қазақстандағы сан алуан этностардың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқандығының айқын дәлелі еді.

Іс-шара барысында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы жиналған қауымды мерекемен құттықтап, ел бірлігінің маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде татулық пен тұрақтылық – мемлекет дамуының басты тірегі екенін атап өтіп, аудан тұрғындарына аمانдық, бірлік пен береке тіледі. Әкімнің жылы лебізі көпшілікке ерекше рух беріп, мерекелік көңіл - күйді одан әрі көтере түсті.

Орталық алаңда тігілген ақ шатырлар астында әр ұлттың дастарханы жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылды. Сонымен қатар, арнайы бөлінген мекемелер өздеріне тиесілі ұлттың биін билеп, салт-дәстүрлерін сахналық көріністер арқылы көрсетті. Бұл көріністер әр халықтың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін таныстырып қана қоймай, олардың арасындағы өзара құрмет пен түсіністіктің тереңдігін көрсетті.

Мерекелік шараның маңызды бөлігінің бірі – арнайы құрылған комиссияның бағалауы болды. Комиссия мүшелері әр ұлттың дастарханын аралап, ұсынылған тағамдардың ерекшелігіне, көркем безендірілуіне және өнер көрсету деңгейіне баға берді. Комиссия төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, жақында ғана Қазақстан Республикасы ардагерлер кеңесіне сіңірген еңбегі үшін жоғары марапат – төсбелгі иегері атанған Амангелді Айтбаев өз пікірінде барлық қатысушылардың жоғары деңгейде өнер көрсеткенін ерекше атап өтті. Бұл – аудан тұрғындарының ұйымшылдығы мен мәдениетке деген құрметінің айқын көрінісі.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені қазақ ұлты иеленді. Олар дастарханның молдығы, ұлттық тағамдардың алуан түрлілігі және сахнадағы әсерлі өнерімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Жұлделі бірінші орынды Е.Сықымов атындағы орта мектеп ұйымдастырған украин ұлты жеңіп алды. Ал, екінші орынды Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы дайындаған татар ұлты иеленсе, үшінші орын өзбек ұлтына бұйырды. Қалған қатысушылар да назардан тыс қалмай, ынтылауды сыйлықтарымен марапатталды.

Бұл мереке – тек өнер мен мәдениеттің жарысы ғана емес, ең алдымен халықтар арасындағы достық пен бірліктің



айқын дәлелі. Осындай шаралар арқылы жас ұрпақ өзге ұлттардың мәдениетін танып, құрметтеуді үйренеді. Бұл – ел болашағы үшін аса маңызды құндылық.

Иә, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні – барша жұртты ортақ мақсатқа, ортақ құндылықтарға біріктіретін ерекше мереке. Аудан орталығында өткен бұл салтанатты шара елдегі бейбітшілік пен татулықтың, ынтымақ пен бірліктің мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ербол СЫМХАНОВ.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Н.Есеболатов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай бекітілген іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жүзеге асырылды. Жоспарға сәйкес оқушылардың патриоттық сезімін арттыру, ұлттар арасындағы достық пен татулықты нығайту мақсатында бірқатар мазмұнды жұмыстар жүргізілді.

27 сәуір күні 1–11 сыныптар арасында «Халықтар достығы – ұлт байлығы» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері оқушыларға Қазақстанда тұратын түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы кеңінен мәлімет беріп, бірлік пен келісімнің маңыздылығын түсіндірді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, достық пен сыйластық туралы пікір алмасты.

28 сәуірде 10 «А» және 10 «Б» сынып оқушылары «Ұлттар достығы – мәңгілік елдің негізі» атты аудандық челленджге

белсенді қатысып, өз шығармашылықтарын көрсетті. Челлендж барысында оқушылар бейнероликтер түсіріп, Қазақстан халқының бірлігі мен татулығын дәріптейтін мазмұнды жұмыстар ұсынды.

27 сәуір мен 1 мамыр аралығында көркем еңбек пені мұғалімі Б.Болатханнның ұйымдастыруымен «Менің көпұлтты Қазақстаным» тақырыбында көрме қойылды. Көрмеге 1–9 сынып оқушылары қатысып, әртүрлі ұлттардың мәдениетін бейнелейтін суреттер, қолөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Көрме оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

29 сәуір күні «Бірлік бояулары» атты сурет байқауын «Қастеев ізбасарлары» үйірмесінің жетекшісі Е.Арынаев өткізді. Байқауға қатысқан оқушылар

өз жұмыстарында бейбітшілік, достық, татулық тақырыптарын кеңінен қамтып, ерекше идеяларымен 4 «А» (1-орын), 1 сынып оқушысы Асқарқызы Айша (2-орын), 6 сынып оқушысы Бердібекқызы Таңнұр (3-орын) көзге түсті. Сонымен қатар, осы күні 6–10 сыныптар арасында дене шынықтыру пені мұғалімдері «Достық эстафетасы – 2026» спорттық ойындарын ұйымдастырылып, оқушылар белсенділік пен ұйымшылдық танытты. Нәтижесінде: 6-7 сыныптар арасында 1-орын 6 сынып, 2-орын 7 сынып алса, 8-9 сыныптар арасында 1-орын 9 сынып, 2-орын 8 сынып оқушылары алды.

30 сәуірде ауылдың мәдениет үйінде «Шабыт» жобасы аясында 1-10 сыныптар арасында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді.

Концерт басында мектеп директоры Ж.Әлимағалиева құттықтау сөз сөйлеп, шаралардың жоғары деңгейде өтуіне ат салысып жатқан ата-аналар мен оқушыларға алғысын білдірді. Концерт барысында Б.Алиярованың дайындаған 2 сынып оқушыларының әдеби-музыкалық қойылымы қойылып, ары қарай сынып жетекшілер мен мәдениет қызметкерлерінің дайындаған оқушылары түрлі ұлттардың өндері мен билерін орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Іс-шара Қазақстандағы халықтар достығының жарқын көрінісіне айналды. Жоба жетекшісі: Г.Қайрат.

Жалпы, жоспарланған іс-шаралар толықтай орындалып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оқушылар арасында бірлік, достық, өзара құрмет құндылықтары кеңінен дәріптелді.

Г.ТОҒАСОВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



қосты. Еңбекпен өрілген өмір жолында ол 12 перзентті дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген алтын құрсақты ана атанды. Осы еңбегі еленіп, 1982 жылы 12 наурызда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының шешімімен «Батыр ана» ордені мен атағы берілді.

1992 жылы зейнеткерлікке шыққанымен, қоғамнан қол үзбей, ұрпағына тәлім - тәрбие беруді жалғастырып келеді. 2004 жылы «Алтын алқа» алқасымен марапатталды. Ал, 2020 жылы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай тыл ардагері ретінде Ресей Федерациясының мерекелік медаліне ие болды.

Бүгінде Ақсу ауданының Көкөзек ауылында тұратын кейуанамыз

бола білді. Ол үшін адам баласын жасына да, жағдайына да қарап бөлмеу – басты қағида.

Қандай ауыр еңбек атқарса да, балаларына дұрыс тәрбие беріп, ешкімге тәуелді болмай, өз күнін өзі көре алатын азамат етіп өсірді. Бүгінде саналы ғұмырын артта қалдырған анамыз – ұрпағына ақылшы, данагөй әже, өмірдің мәнін ұқтыра білген тағылымды тұлға.

Жеңіс күні қарсаңында осындай тыл ардагерлерінің еңбегін ұлықтау – кейінгі буынның парызы. Әбуғайша Қыдырбайқызы сынды асыл жандардың өмірі – ел тарихының ажырамас бөлігі, ұрпаққа үлгі болар өнеге.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ТЫЛ АРДАГЕРІ

9 мамыр – Жеңіс күні. Бұл – тек тарихи дата ғана емес, ұрпақ жадында мәңгі сақталатын ерлік пен төзімнің, қайсарлық пен үміттің символы. Сұрапыл соғыс жылдары ел басына күн туған шақта майдандағы жауынгерлер ғана емес, тылдағы еңбеккерлер де жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Сол бір қиын - қыстау кезеңде бала болып есейіп, тағдырдың талай сынағына мойымай, өмірдің ауыр жүгін көтере білген жандардың тағдыры – бүгінгі ұрпақ үшін тағылымға толы. Осындай қайсар да қайратты тұлғалардың бірі – тыл ардагері, ардақты ана Әбуғайша Қыдырбайқызы.

Әбуғайша Қыдырбайқызы 1937 жылы 26 мамыр күні Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде дүниеге келген. Әкесі Қыдырбай Баянұлы – есепші болған, Ұлы Отан соғысының ардагері. Анасы Аққайша Мырзагелдіқызы көп балалы ана еді. Заманның қиын жағдайына байланысты балалары ерте шетінеп, Әбуғайша апамыз үйдің үлкені болып өсті. Кейіннен тағы екі сiңлісі мен бауыры дүниеге келіп, барлығы өз алдарына шаңырақ көтеріп, ата-анасының аманатын абыроймен орындады.

1953 жылы ақпан айында Комсомол қатарына қабылданған ол 1956 жылы Авакумовка кенішіндегі Чапаев атындағы мектепті тәмамдап, еңбек жолын кітапханашы болып бастайды. Сол жылы Бегәділ Есдәулетұлымен отбасын құрып, өмірдің жаңа белесіне қадам басады. 1959 жылдан бас-тап Ақсу ауданында қызылша өсіру, күту, жинау жұмыстарында, сондай-ақ, қыс - көктем айларында сақманда еңбек етеді. 1964 жылы Кәсіподақ мүшелігіне өтіп, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады.

1978-1988 жылдар аралығында жолдасымен бірге жылқы бағып, ауылшаруашылығына елеулі үлес



Суретте: апамыздың жас кезіндегі және кейінгі өңделген бейнесі.

– үлкен әулеттің алтын діңгегі. 13 немере, 41 шөбере, 5 шөпшек, 17 жиен мен 49 жиеншар сүйіп отырған ардақты әже – ауданның ең үлкен жастағы азаматшаларының бірі.

Әбуғайша Қыдырбайқызының өмір жолы – тұтас бір дәуірдің айнасы. Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келсе де, ол ешқашан мойымаған, болашаққа сенімін жоғалтпаған. Адал еңбекті ту етіп, тапқанын үнемдеп, ұрпағына үлгі

Анамызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз. Осындай өнегелі жандардың өмір жолы жастарға бағыт-бағдар болып, тәлім-тәрбие берер шамшыраққа айнала берсін.

Мадина АЙКЕНОВА.
Қ.Сәтбаев орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, филология ғылымдарының магистрі.

БҰЛ ПАМЫСЫ – БІРГЕ СЫН



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

Отан қорғау - азаматтардың бір басындағы көп борышының ішіндегі аса қасиеттісі әрі киелісі.

Мемлекеттің негізгі сүйеніші, тірегі қал - Әскер. Сондықтан әскер қай уақытта болса да бірінші орында тұруы керек.

Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту, кешегі ата - бабаларымыздың ерлік жолына адал болу жөніндегі әңгімелері ең алдымен елдің Қарулы Күштеріне тікелей қатысты.

Тәуелсіздікті қорғау, оның берік сақшысы, қуатты қорғаны болу бүгінгі ел жауынгерлерінің алдындағы үлкен міндет.

Осыдан 33 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Тәуелсіз мемлекетіміздің төл Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Өткен уақыт ішінде еліміздің басты құндылықтары – бейбіт өмір мен тыныштықты, өркениетті елдер қатарында қарыштап дамудың алып қадамдарын жасап келе жатқан мемлекетіміздің әскери қауыпсіздігін қамтамасыз ету жолында талай іс атқарылды.

Кәсіпқой армияға аяқ басқан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы, әскери тәртібі, жеке құрамның моральдық - психологиялық жағдайы жоғары деңгейде болуы әскери қызметшілердің Отанды қорғауда қаншалықты дайын екендігін көрсетуі тиіс.

Бүгінгі сарбаздарымызда

патриоттық сезім, отансүйгіштік қасиеті айрықша екенін атап айтқан жөн. Бұл қазақ елінің болашағы жарқын, халық ертеңінің тұтқасы осы сарбаздар қолында болса, онда биіктегеніміз, қанатымызды кеңге жайғанымыз, күн астындағы бүркіттей алысқа самғағанымыз деп білуіміз керек.

Біздің әскери қызметшілер жоғары кәсіби даярлық, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетуде.

Тәуелсіз еліміз төл армиясы қатарында қызмет ету - үлкен құрмет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметшілерді және жеке құрамын Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстан Қарулы Күштерінің 33 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметте биік табыстар тілеймін.

Дәурен КИРГАБАКОВ,
аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.



ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткен ардагерлер – ел экономикасын көтеріп, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен нағыз еңбек майданының батырлары. Олардың күндіз-түні дамылсыз атқарған қажырлы еңбегі Жеңіске жетудің маңызды тіректерінің бірі болды. Тылдағы ауыр еңбек, жоқшылық пен қиындыққа қарамастан, олар табандылық пен төзімділіктің үлгісін көрсетті. Бүгінгі бейбіт өмір – сол кісілердің маңдай тері мен өлшеусіз еңбегінің жемісі.

Қазіргі уақытта тыл ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында түрлі әлеуметтік қолдау шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін аулалары тазартылып, үй маңындағы жұмыстар атқарылды. Осындай игі шаралар аясында Жансүгіров ауылының тұрғыны Қалдыбаева Мақшын пен Бессарабов Виктор Ивановичке, сондай-ақ Матай ауылының тұрғындары Қоспаева Асхабужамал, Кравченко Тамара Михайловна және Перекулимова Анна Александровнаға нақты көмек көрсетілді. Сонымен қатар, ардагерлерге азық-түлік себеттері жеткізіліп, күнделікті тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етілді.

Бұл жұмыстар – тыл ардагерлерінің өлшеусіз еңбегін бағалаудың, оларға деген қамқорлық пен құрметтің айқын көрінісі. Ардагерлерге көрсетілген әрбір ілтипат – өткенге тағзым, болашаққа үлгі. Олардың өнегелі өмір жолы жас буынға патриотизм мен адамгершіліктің биік үлгісі болып қала бермек.

Мәншүк ОМАРОВА,

"Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ-нің "Ақсу ауданының үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" КММ директоры.

«АЙБЫН» ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР ЖИЫНЫ



Ауданымызда жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен елге адал қызмет ету рухын қалыптастыру бағытында бірқатар мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі – «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны мен Отан қорғаушылар күніне арналған Арасан шекара бөлімшесіндегі тағылымды кездесу.

«Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны барысында жас сарбаздар өздерінің күш-жігерін, ептілігі мен төзімділігін түрлі әскери-спорттық сайыстарда сынады. Атап айтқанда, турникке тартылу, мылтық шашу және өзге де жаттығулар арқылы қатысушылар шынығып қана қоймай, тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын терең сезінді. Бұл жиын жастарды батылдыққа баулып, салауатты өмір салтын ұстануға үндеді.

Ал 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Арасан шекара бөлімшесінде өткен іс-шара ерекше әсерге бөледі. Шара концерттік бағдарламамен ашылып, қатысушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Оқушылар шекарашылардың күнделікті қызметімен танысып, әскери өмірдің қыр-сыры туралы мол мағлұмат алды. Шекара қызметкерлері жас буынға Отан қорғаудың маңызын түсіндіріп, әскери мамандықтың жауапкершілігі мен абыройы жөнінде әңгімеледі.

Екі іс-шара да ортақ мақсатты көздейді – жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты қалыптастыру, елге деген сүйіспеншілікті арттыру және болашақта Отанға адал қызмет ететін саналы азамат тәрбиелеу. Осындай тағылымды кездесулер мен жарыстар жастардың жігерін жанып, ел болашағына деген сенімін нығайта түсетіні сөзсіз.

Динара ЖАНАТБЕК,

"Aqsy jastary" филиалының маманы.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБА



Бұл жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындары үшін қауіпсіз әрі жайлы жол қозғалысын қамтамасыз ету. Жол сапасының жақсаруы көлік қатынасының тиімділігін арттырып қана қоймай, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметтері сияқты шұғыл қызметтердің уақытылы жетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа жолдар ауылдың инвестициялық тартымдылығын арттырып, шағын және орта бизнестің дамуына оң әсерін тигізеді.

Құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі ағымдағы жылдың 30 маусымына жоспарланған. Белгіленген мерзімде сапалы әрі талапқа сай жолдарды пайдалануға беру – мердігер мекеме мен жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті. Осы бағытта техникалық қадағалау тұрақты жүргізіліп, жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлінуде.

Жалпы алғанда, Жансүгіров ауылындағы бұл жол жөндеу жобасы – тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, ауылдың келбетін жақсартуға және өңірдің дамуына серпін беретін маңызды бастама.

Мадияр БЕКҚАЙЫРҰЛЫ,
«Ақсу аудандық тұрғын үй — коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫНЫҢ ҚОЛДАНУШЫЛАРЫ МЕН ЖЕТКІЗУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Негізгі мақсат – адамның нақты қажеттіліктеріне бағдарлана отырып, оңалтудың сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру.

“Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын оңалту техникалық құралдарының құнын өтеу ретінде берілетін кепілдендірілген соманы айқындау әдістемесіне” ағымдағы жылдың сәуір айында өзгерістер енгізілді.

Жаңа Әдістеме бойынша, кепілдендірілген сома әлеуметтік қызметтер порталының және электрондық дүкеннің деректерін ескере отырып есептеледі.

Осыған байланысты, тауарлардың нарықтық құны бойынша электрондық сауда алаңдарының жиынтық деректерін алу үшін әлеуметтік қызметтер порталын Қаржы министрлігінің цифрлық жүйелерімен интеграциялау жүргізілуде.

Болашақта қолмен араласусыз цифрлық платформалардың алынған нақты нарықтық деректері негізінде кепілдендірілген соманы автоматты түрде қалыптастыру жоспарлануда. Бұл ашықтықты, объективтілікті және біртұтас көзқарасты қамтамасыз етеді.

Күтілетін негізгі нәтижелер:

* оңалту техникалық құралдардың құнын қалыптастыру үдерісін толық цифрландыру;

* адами фактор мен субъективтілікті болдырмау;

* әділ баға қалыптастыруды қамтамасыз ету;

* бюджет қаражатын ұтымды пайдалану.

Өзгерістердің негізінде: оңалтудың қолжетімділігін, сапасын арттыру, әлеуметтік қорғау жүйесінің ұтымдылығы мен әділдігі көзделген.

Бұл тетік тек қауіпсіз түрде қайта пайдалануға болатын оңалту техникалық құралдарының түрлеріне қолданылады және жеке пайдалануға арналған құралдарға (жөргектер, протездер және т.б.) қатысты емес.

Енгізіліп отырған өзгерістердің негізгі мақсаты – әлеуметтік қорғау жүйесінің қолжетімділігін арттыру, оңалту сапасын жақсарту, жүйенің ұтымдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.**

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ



Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан на постоянной основе проводится работа по совершенствованию системы социальной защиты лиц с инвалидностью.

Основная цель - повышение качества, доступности и эффективности реабилитации, с ориентацией на реальные потребности человека.

В апреле текущего года внесены изменения в приказ - пересмотрена Методика определения гарантированной суммы, предоставляемой в качестве возмещения стоимости технических средств реабилитации, предоставляемых лицам с инвалидностью через Портал социальных услуг.

В новой Методике гарантированная сумма будет исчисляться с учетом данных портала социальных услуг и данных электронного магазина.

В этой связи, проводится интеграция портала социальных услуг с цифровыми системами Министерства финансов для получения агрегированных данных электронных торговых площадок по рыночной стоимости товаров.

В дальнейшем, планируется автоматическое формирование гарантированной суммы на основе полученных реальных рыночных данных цифровых платформ без ручного вмешательства. Это обеспечивает прозрачность, объективность и единый подход.

Ключевыми ожидаемыми эффектами будут:

- внедрение полной цифровизации процесса формирования стоимости ТСР,
- исключение человеческого фактора и субъективности,
- обеспечение справедливого ценообразования,
- рациональное использование бюджетных средств.

В основу изменений предусмотрены: повышение доступности, качества реабилитации, рациональность и справедливость системы социальной защиты.

**ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА РЕГУЛИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ В СФЕРЕ
СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ.**

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Безгек (Malaria - безгек)

— бұл инфекциялық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, аласұрғзады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, масасоналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталанатын ауру түрі. Безгек - Plasmodium тұқымдасындағы қ а р а п а й ы м д ы ы л а р м е н шақырылатын, трансмиссивті механизммен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен, анемиямен өтетін антропонозды инфекция. Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың өсуі болады.

Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады:

Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады, науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырайды. Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40°-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі.

БЕЗГЕК (МАЛЯРИЯ)

Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күні бойы сақталады. Ақырында адам малшына терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастайды.

Әдетте адамда безгек кезінде әр 2—3 күн сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде қызу күн сайын қайталайды. Ыстықтың түсуі мен көтерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам қанын безгекке тексерту керек. Созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады. Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды зақымдаған кезде болады (церебральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. (Ескерту: Емшек



сүтін ембеген балалар безгекпен тым жиі ауырады).

Инкубациялық кезең: 3 күндік безгекте 10-11 күн, овале безгекте 11-16 күн, 4 күндік безгекте 21-24 күн, тропикалық безгекте 9-16 күн

Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күш-жігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу шаралары жедел іске асырылуға тиіс
Өзіңізді шыбын-шіркей, ма-

садан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек.

Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды.

Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істемейсіз.

Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде хабарлап, айтыңыз және олардан қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз.

Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі бак немесе құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын немесе батпақты құрғатыңыз.

А.СЕНҚІБАЕВА,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының маманы.

БАРЛЫБЕК СЫРТТАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 160 ЖЫЛ!

**ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
БІРІ, ПУБЛИЦИСТ,
ШЫҒЫСТАНУШЫ**

Қазақ халқының қоғамдық - саяси және рухани даму тарихында өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі - Барлыбек Сырттанов. Ол - ұлт тағдырына алаңдап, елдің тәуелсіздігі мен өркениетті даму жолында күрескен қоғам қайраткері, Алаш зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілі, публицист әрі шығыстанушы ғалым. Биыл оның туғанына 160 жыл толуы - ұлт тарихындағы маңызды белес.

Барлыбек Сырттанов 1866 жылы Жетісу өңірінде дүниеге келген. Жастайынан зеректігімен көзге түскен ол жоғары білім алу мақсатында Санкт-Петербургке аттанып, университет қабырғасында зор ықпал етті. Ресей империясының орталығында білім алған Сырттанов батыстық құқықтық жүйе мен басқару үлгілерін зерттеп, оны қазақ қоғамына бейімдеуге тырысты.

Ол - қазақ елінің дербестігін армандаған Алаш қозғалысының идеялық негізін қалаушылардың бірі. Сырттанов өз еңбектерінде халықтың құқықтық сауатын арттыру, ұлттық бірлікті нығайту, әділетті қоғам орнату мәселелерін көтерді. Оның публицистикалық мақалалары сол кезеңдегі өзекті әлеуметтік мәселелерді қозғап, елдің санасын оятуға бағытталды.

Сырттанов тек саясаткер ғана емес, терең білімді шығыстанушы ғалым ретінде де танылды. Ол шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеп, қазақ қоғамының тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге үлес қосты. Бұл еңбектері оның

жан - жақты тұлға болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, Барлыбек Сырттанов қазақ тарихындағы алғашқы конституциялық жобалардың бірін әзірлеген заңгер ретінде де белгілі. Оның құқықтық идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік құрылымымен үндес келеді. Бұл оның ойларының заманына сай ғана емес, болашаққа бағытталғанын дәлелдейді.

Барлыбек Сырттановтың еңбегі кейінгі Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеяларымен үндесіп, ұлттық мемлекеттілік туралы түсініктің қалыптасуына зор ықпал етті. Оның конституциялық жобасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерінің тарихи бастауларының бірі болып саналады.

Осындай ерен еңбек жолында, артынан өшпес із қалдырған ірі тұлғаны мәңгі еске алу мақсатында Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 13 қазандағы №148 Қаулысы бойынша Ақсу ауданы, Қызылту ауылы «Барлыбек Сырттанов» ауылы болып өзгертілді.

Барлыбек Сырттанов - қазақ халқының азаттығы мен өркениетті дамуы жолында еңбек еткен көрнекті тұлға. Оның 160 жылдық мерейтойы - тек тарихи дата ғана емес, ұлттың рухани жаңғыруына серпін беретін маңызды кезең. Сырттановтың өмірі мен қызметі жас ұрпаққа үлгі болып, елге қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде мәңгілікке сақталады.

**Г.МЕЙРАМБЕКОВА,
«Жетісу облысының
мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің Ақсу аудандық
филиалының директоры.**

23 СӘУІР ҰЛТТЫҚ КІТАП ЖӘНЕ КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ!

**КІТАП - АДАМЗАТТЫҢ
АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ**

23 сәуір - Ұлттық кітап күні. Бұл күн - адамзаттың ең асыл қазыналарының бірі - кітапқа деген құрметті артырып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірді нығайтатын маңызды мереке. Бұл күн - әлем бойынша ЮНЕСКО-ның бастамасымен Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде де аталып өтеді. Қоғамды дамытудағы басты факторлардың бірі - оқырман ұлт қалыптастыру. Бұл міндет кітапқа деген қызығушылық пен оқу мәдениетін нығайту арқылы жүзеге асады. Жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту - Қазақстанның рухани, мәдени, ғылыми мүдделері мен білім беру салаларын нығайтудың негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі таңда электронды форматтағы ақпарат көздері танымал болғанымен, қағаз нұсқадағы баспа кітаптардың орны ерекше. Олар оқырманға жағымды эмоция сыйлайды, жайлылық пен рухани тыныштыққа ие болуға мүмкіндік береді. Баспа кітаптар әсіресе аға буын мен әдебиет әуесқойлары арасында үлкен сұранысқа ие.



Осынау атаулы мерекеге орай, қоғамның, соның ішінде жастардың мәдени, рухани жетілуіне, кітапқа деген оқырман қызығушылығын арттыру мақсатында, 22 сәуір күні Арасан ауылдық кітапханасы мектеп кітапханасымен бірлесе отырып, «Кітап - адамзаттың асыл қазынасы» тақырыбында әдеби сағат өтті. Шара барысында қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының шығармаларынан және жер жанның Жетісудың ардақты перзенті, арайлы Ақсу өлкесінің тумасы, жерлесіміз Илияс Жансүгіровтің өнегелі өмір жолын, қазақ поэзиясына жазылған танымал өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Кітап туралы сұрақ - жауаптар қойылып, оқырмандар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Қорыта айтар болсақ, Ұлттық кітап күні - барша оқырман үшін ерекше күн. Бұл күн кітапты сүйетін, рухани дамуға ұмтылатын әрбір жанды біріктіретін, білім мен парасаттың мерекесі.

**Алима ШАПИЫҚ,
Арасан ауылдық кітапханасының
кітапханашысы.**

**КІТАП - РУХАНИ
ҚАЗЫНА, САРҚЫЛМАС
МҰРА**

Үкіметтің 2024 жылғы 29 маусымдағы Қаулысының негізінде Қазақстанда жаңа мереке - 23 сәуірде алғаш рет атау өтілетін Ұлттық кітап күні пайда болды. Осынау атаулы мереке халық арасында кітап оқуды насихаттауға септігін тигізді.

Биыл Қазақстанда бұл мереке алғаш рет Кітапханашылар күні мен Ұлттық кітап күнін қатар тоғыстырып отыр.

Бұл - тек кітапты емес, сол кітапты сақтап, ұрпаққа жеткізіп жүрген жандарға деген іштей құрметтің, рухани тағзымның күні.

Кітапхана - қабырғамен шектелмейтін кеңістік. Кітап - өткен мен болашақты жалғайтын рухани көпір. Технология дамыған заманда электронды ресурстар көбейсе де, парақтарынан сия иісі аңқыған нағыз кітаптың орны ешқашан басылмайды.

«Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті», - деп тегін айтылмаса керек.

«Ұлттық кітап күні» аясында Қаракөз ауылдық кітапханасында 16 сәуір күні «BOOK Day: шабыт пен білім мекені» тақырыбында ашық есік күні өтті. «Туған жердің сырлы қаламы» тақырыбында жергілікті авторлардың және өлкетану әдебиеттері таныстырылды, «Кітап өлеміне саяхат» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты кітапқа деген баланың және оқырмандардың қызығушылығын арттыру. Менің ойымша, қазіргі кезде оқырман баланың қызығушылығын арттыру үшін «балабақша - мектеп - кітапхана - мұғалім - ата - ана» деген ара - жігі ажырамайтын схемамен жұмыс жасау қажет. Бала балабақша табалдырығын аттаған күннен бастап кітаптың құдіретін ұғындыру. Ауылымыздың кітапханасы оқырмандардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді.

Қорытындылай келе, кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артық ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік, - деген Ғабит Мүсіреповтің сөзімен қорытындылағанды жөн көрдім.

Кітап оқитын ұлт - жеңілмейтін ұлт. Кітапханаларымыз оқырманға толы, ал кітапханашыларымыздың еңбегі елене берсін!

**Б.АБЕЕВА,
Қаракөз ауылдық кітапханасының
кітапханашысы, БПҰ мүшесі.**

**КІТАП БІЛІМ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ
БАСТАУЫ**

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев үшінші Ұлттық құрылтайдың сессиясында қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру жөнінде нақты тапсырма жүктеген болатын. Осы бастаманың негізінде, 2024 жылғы 16 шілдеден бастап елімізде жаңа мереке - «23 сәуір Ұлттық кітап күні» болып бекітілген болатын. Ал биыл 2026 жылдан бастап Ұлттық кітап күнімен бірге кітапханашылар күні болып өзгертілді. Бұл - ұлт руханиятына көрсетілген зор құрмет, кітапқа деген жауапты көзқарастың жарқын болшағы.

23 сәуір Ұлттық кітап және кітапханашылар апталығының онкүндігіне орай кітапханаларда іс - шаралар атқарылуда. Барлыбек Сырттанов ауылдық кітапханасында «BOOK Day: шабыт пен білім мекені» ашық есік күні өтті. Атап айтқанда «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Қ.Жұмаділовтың шығармалары, 2026 жылғы мерей той иелері: Ж.Жабаев - 180 жыл, М.Мақатаев - 95 жыл, С.Мұратбеков - 90 жыл, Ы.Алтынсарин - 185 жыл тағы басқа ақын жазушылардың әдебиеттері және «Балаларға базарлық» ертегілер мен жерлес ақын-жазушыларымызға «Қойнауы тарих, киелі мекен - Ақсуы» кітап көрмелері қойылды. Оқырмандарға көрме таныстырылды. Шара барысында мақал - мәтелдер жалғастырып, ойындар ойнатылып, ақындардың жыр шумақтары оқылды, смайлик арқылы көңіл - күйлері көрсетіліп, сыйлықтар беріліп, тәттілер таратылды.



«Проза мен поэзия» әдеби кафе кітапхана оқырмандарымен өтті. Еркін форматта өткен шарада қатысушылар өздерін демалыс орнында отырғандай жайлы сезініп, оқыған кітаптар туралы ой бөлісіп, сүйікті кейіпкерлері жайлы әңгімеледі. Шара барысында бірнеше лездік сұрақтар, ақындардың өлеңдерінен оқу, шығармалардан үзінді оқу, кітапты жасыру, сергіту ойындары ойнатылды. «Кітап өлеміне саяхат» кітап көрмесі және кітап инсталляциясы жасалды. Кітапханашы: «Артық ғылым кітапта, Ерінбе оқып көруге» деп Абай атамыздың сөзімен бастап, оқырмандарға кітаптың шығу тарихы мен мазмұнын түсіндіріп өтті. Осы кезеңде бойынша оқырмандар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Кітап күніне арналған сайысымызға

қатысқан барша оқырмандарға рахмет.

Шараның мақсаты:

Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, олардың рухани-танымдық деңгейін дамыту. Сонымен қатар, жастардың шығармашылық қабілетін шыңдап, еркін пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру.

Кітап арқылы білімге, ғылымға деген құштарлығын, ой - сана-сын толтырып, адамгершіліктен, парасаттың шыңына көтеріп, рухын асқақтатып жатса одан өзге бақыт болмас. Ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына - кітаппен достығымыз үзілмесін!

**Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының
мүшесі, Б.Сырттанов
ауылдық кітапханашысы.**

ТЕМІР ЖОЛ - АСА ҚАУІПТІ АЙМАҚ



2026 жылдың басынан бастап оқу процессінің басталуына байланысты Матай станциясындағы көліктегі полиция бөлімшесінің және темір жол мекемелері қызметкерлерімен Матай станциясындағы КПБ-нің қызмет көрсету аумағына жақын орналасқан мектеп оқушылары арасында темір жол жарақаттарының және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Темір жол - аса қауіпті аймақ» тақырыбында профилактикалық түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Дәріс барысында оқушыларға темір жолдарында болу ережелері туралы айтылып, темір жолында қауіпсіздік ережелері, өкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілігі түсіндірілді. Сондай-ақ, темір жолында ойын ойнаған жасөспірімдер өз өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерге душар етуі, олардың бейқамдығы поездардың жүру қауіпсіздігіне, жолаушылардың өмірі мен денсаулығына, тасмалданатын жүктердің сақталуына қауіп төндіріп, жолдарға едәуір материалдық шығын келтіретіндігі туралы жеткізілді.

Көптеген темір жолдарындағы жазатайым жағдайлардың себебі, белгіленбеген жерлерден өту болып табылатыны айтылды. Көлік полицейлері оқушыларға әрбір азамат темір жол көлігі - аса қауіпті аймақ екенін есте сақтау керектігін ескертіп, оның қызметін пайдаланып, әрбір азамат жалпыға ортақ жеке қауіпсіздік ережелерін орындауға міндетті, келе жатқан поездың немесе мөнерлік локомотивтің жоқтығына көздері жетіп қана темір жолдарын белгіленген жерлерден ғана өткел көпірлері, тоннельдер арқылы өтулері туралы жеткізілді.

**А.НЕСІПҚАЛИЕВ,
Матай ст. КПБ бастығы,
полиция капитаны.**

Еңбекпен өрілген өмір жолы

Адам өмірінің мәні – оның елге сіңірген еңбегімен, артында қалдырған ізімен өлшенеді. Осындай ғұмырын адал еңбекке арнап, туған жерінің дамуына өзіндік үлесін қосқан жандардың бірі – Коянбаев Нұрлыбай Ескібайұлы.

Нұрлыбай Ескібайұлы 1963 жылдың 10 наурызында Жетісу өңіріндегі қасиетті Сағабүйен ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл тіршілігімен, еңбекке ерте араласумен өтті. 1970 – 1971 оқу жылында Т.Тоқтаров атындағы мектептің табалдырығын атап, сол мектептен 1980 жылы білім алып шықты. Мектеп қабырғасынан бастап еңбекке жақын болып өскен жас жігіт оқуын аяқтай сала механизатор болып жұмысқа кіріседі.

1981–1983 жылдары азаматтық борышын абыроймен өтеп, елге оралған соң, еңбек жолын қайта жалғастырып, 1983 жылдың маусым айынан бастап Жансүгіров совхозында механизатор болып қызмет атқарады. Бұл кезең – оның еңбекке деген жауапкершілігін шыңдаған, тәжірибе жинақтаған жылдары болды.

2005 жылы Нұрлыбай Ескібайұлы білім саласына бет бұрып, Сағакүрес орта-лау мектебіне жұмысшы ретінде қабылданады. Өз



ісіне деген тиянақтылығы мен жауапкершілігінің арқасында 2007 жылдан бас-тап шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. Осы қызметті абыроймен атқарып, мектептің материалдық - техникалық базасын нығайтуға, шаруашылық жұмыстарын жүйелі жүргізуге зор үлес қосты.

26 жылға жуық уақыт бойы мектептің тыныс - тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналған Нұрлыбай Ескібайұлы – ұжым арасында сыйлы, ісіне мығым, тәжірибесі мол маман ретінде танылды. Оның еңбексүйіштігі, ұқыптылығы, әр іске жауапкершілікпен қарауы кейінгі жас мамандарға үлгі болды.

Зейнеткерлік жасқа жеткеніне

қарамастан, мектеп басшылығы оның мол тәжірибесі мен шаруашылықты жетік білетіндігін ескеріп, қызметін тағы бір жылға ұзарту туралы шешім қабылдады. Бұл – оның еңбегіне берілген жоғары баға, ұжымның сенімі мен құрметінің айқын көрінісі.

Отбасында да Нұрлыбай Ескібайұлы – ардақты әке, асқар тау. Жары Салтанат Құдабаевамен отбасын құрғанына 21 жыл болды. Екеуі үш бала тәрбиелеп өсірген өнегелі жандар. Балаларына адал еңбек пен адамгершіліктің үлгісін көрсетіп, оларды дұрыс жолға бағыттай білді.

Үлкен қызы Қымбат Алматы қазақ гуманитарлық педагогикалық колледжінің білімгері. Екінші қызы Дильназ Талдықорған құрылыс техникалық колледжінде оқиды. Кенже ұлы Расул – өзі қызмет атқаратын Сағакүрес мектебінің 7 сынып оқушысы.

Бүгінде зейнеткерлікке қадам басқалы отырған Нұрлыбай Ескібайұлына мектеп ұжымы атынан алғыс білдіре отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілейміз. Оның еңбекке толы өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге болып қала бермек.

Сапарғали ТЕМІРБЕКОВ, Қарашілік БПҰ төрағасы.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Ақсу ауданында «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі» атты тағылымы мол мерекелік іс-шара өтті. Бұл күн – ел тыныштығын күзеткен, жерін қорғаған ерлердің ерлігін ұлықтайтын, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беретін маңызды мереке.

Іс-шараға ауданның құрметті азаматтары, әскери қызмет өкілдері, білім саласының мамандары мен мектеп оқушылары қатысты. Кештің басты мақсаты – батырлардың ерлік жолын насихаттап, олардың өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

Мерекелік жиынның құрметті қонақтары қатарында Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» Амантай Айтбаев, зейнеткер Кеңес Одағының батыры Нұрсұлтан Есеболатовтың бауыры Тілеухан Есеболатов, майор Айдос Нұрболатұлы Тынышбаев және Ж.Сыдықов атындағы мектептің 9–10 сынып оқушылары мен педагог - ұйымдастырушы Ғалым Абылайхан болды. Қонақтар өз сөздерінде Отан алдындағы борыш, елге қызмет етудің маңызы және батырлықтың мәні туралы тағылымды ойларымен бөлісті.

Шара барысында әлеуметтік маман Анаргүл Мөкен «Ер – елдің айнасы» тақырыбында ұйымдастырылған көрме аясында батырлар туралы кеңінен таныстырды.

Оқушылар тарапынан патриоттық өлеңдер оқылды. Мұндай іс - шаралар жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастырып, елжандылық рухты күшейтуге зор ықпал ететіні сөзсіз.

Іс - шара соңында «Жанұя» отбасын қолдау орталығының директоры К.Дәулетбекова қатысушыларға алғыс білдіріп, ел тыныштығы мен бейбітшіліктің мәңгі болуына тілектестігін жеткізді.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі» атты бұл мерекелік кездесу батырлар ерлігін ұмытпауға, оны дәріптеп, жас ұрпақтың санасына сіңіруге бағытталған маңызды рухани шара ретінде есте қалды.

С.АЙМҰХАНОВА, бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен жұмыс маманы.

СПОРТ

ВОЛЕЙБОЛ – АРАЛАС КОМАНДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРІ



1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Ақсу ауданы Егінсу ауылдық округінде аралас құрамада, көше бойынша ауыл жастары және округтің дене шынықтыру және спорт нұсқаушысының ұйымдастыруымен «Волейболдан» турнир өткізілді. Жалпы бұл ойын туралы қысқаша мәлімет бере кететін болсам. Волейбол — Қазақстанда кең таралған әрі тұрақты дамып келе жатқан спорт түрі. Бұл

ойын елімізде ХХ ғасырдың басынан бастап белгілі болып, тәуелсіздік алған кезеңінде жаңа серпін алды. Бүгінде волейбол бұқаралық спорт ретінде де, кәсіби деңгейде де маңызды орынға ие болған спорттық ойын түрі. Қазіргі таңда ауылымыздың жастары да волейболға деген қызығушылығы жоғарғы деңгейде екендігі куантады.

Мақсаты: Ауыл көлемінде волейбол спортының деңгейін одан әрі дамыту. Бұл волейбол спор-

тынан округ құрама командасын жасақтау. Спортқа ынталандыру және волейбол спортының деңгейін көтеру. Волейбол жарысы ауылымызда ауқымды түрде әр мейрам сайын ұйымдастырылып тұрады. Бұл да өзіндік ерекшелік, 10 жастан бастап жас айырмашылығына шектеуі жоқ. Осындай турнир арқылы ауылымыздың жастары салауатты өмір салтын ұстанып қана қоймай, өзара байланыстарын арттырып, ауыз біршілікте жаңа таныстықтарға жол аша түсіп, бір-біріне деген сыйластық қабілеттері де арта түседі деген ойдамын. Жарысымыз қызықты әрі тартысты өтті.

Турнир соңында жеңімпаздар мақтау қағазымен, медальмен және арнайы кубоктармен марапатталды. Болашақ жастардың қолында! Ауылымыз өркендеп, өсіп, дами берсін. Спортқа деген қызығушылықтары артатын жастарымыз көп болсын!

Гүлжан МАДЫҒАЛИЕВА, Егінсу ауылдық округінің дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК ДЕРТ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Ол мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімді әлсіретіп қана қоймай, елдің экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылығына тікелей зиян келтіреді. Осы тұрғыда аудандық қорғаныс бөлімінің қызметі тек әскери міндеттермен шектелмей, қоғамдағы әділдік пен заңдылық қағидаларын сақтауға да бағытталуы тиіс.

Қорғаныс саласы – тәртіп пен жауапкершілікке негізделген ерекше құрылым. Бұл жүйеде әрбір қызметкердің адалдығы мен кәсіби біліктілігі жоғары деңгейде болуы шарт. Себебі әскери қауіпсіздік пен азаматтардың сенімі – мемлекеттің ең басты құндылықтарының бірі. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік қағидасы қатаң сақталуы қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Өсіресе қорғаныс саласында бұл мәселе ерекше маңызға ие. Әскери есепке алу, әскерге шақыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету сияқты бағыттарда ашықтық пен әділдік қамтамасыз етілуі тиіс. Кез келген заң бұзушылық тек тәртіптік шаралармен ғана емес, заң аясында қатаң жауапкершілікке әкелуі керек.

Аудандық қорғаныс бөлімінде сыбайлас жемқорлықтың алдын



алу мақсатында бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылуы қажет. Атап айтқанда, қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, этикалық нормаларды сақтау, ішкі бақылау жүйесін күшейту, азаматтармен кері байланысты дамыту – басты бағыттардың бірі. Сонымен қатар, цифрландыру арқылы қызмет көрсету процестерін жеңілдету де жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруды өзінің азаматтық борышы ретінде түсінуі тиіс. Бұл бағытта жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Себебі болашақ – бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ұзақ әрі жүйелі жұмысты талап ететін үдеріс. Аудандық қорғаныс бөлімінің әрбір қызметкері заң мен тәртіпті сақтай отырып, өз ісіне адал болса ғана біз әділетті және қауіпсіз қоғам құра аламыз. Адалдық – абыройдың негізі, ал әділдік – мемлекеттің тірегі.

Д.КИРҒАБАНОВ, Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті Құрылтайшы, директор - бас редактор ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.